

ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ОРТАҒАСЫР ҚАЛАШЫҚТАРЫ

Боранбай Д., Шохатаев О.С.
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
olghas-85@mail.ru
Қарағанды қ.

Ұлытау қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуында саяси орталықтардың бірі болғандықтан қазақ тарихында ерекше орын алатыны хақ.

Сондықтан Ұлытау облысындағы ортағасыр қалаларын зерттелуі өзекті мәселелердің бірі. Ұлытау облысындағы оғыз, қимақ, қыпшақ және Ақорда дәуіріндегі ортағасыр қалашықтары туралы деректер ортағасырлық авторларының еңбектерінде кездеседі.

Ұлытау өңіріндегі алғашқы орта ғасыр қалалары туралы мәліметтер тарихшы Масуд бен Усман Кухистани еңбектерінде кездеседі. Ол өзінің «Абулхайырхан тарихы» атты шығармасында Орда-Базар қалашығы туралы жазады [1].

Академик Ә.Х. Марғұлан орта ғасыр авторларының деректеріне және археологиялық барлау жұмыстары нәтижесіне сүйене отырып Орталық Қазақстанда орта ғасырда қала мәдениетінің болғандығын дәлелдеген болатын. Орталық Қазақстандағы археологиялық зерттеу жұмыстары нәтижесінде Ә.Х. Марғұлан, отырықшылық мәдениеті бұл үлкен кеңістікте тұрақты даму үстінде болмағандығы және ол бірде жанданып бірде өшіп отырғандығын атап өткен [2]. Ә.Х. Марғұлан өзінің «Остатки оседлых поселений Центрального Казахстана» атты ғылыми басылымын Орталық Қазақстан қалашықтарына арнаған болатын. Бұл еңбегінде қимақ-қыпшақ, оғыз және Ақ-Орда туралы IX-XV ғасырлардағы жазба деректері, сонымен қатар Орталық Қазақстанды зерттеген орыс зерттеушілері туралы мағұлмат береді. Ғылыми мақалада Айбас-Дарасы (Сурет 2), Алаша хан, Аяққамыр, Басқамыр (Сурет 1), Топырақ-Қорған, Нөгербек-Дарасы (Сурет 4), Қаратон, Домбағұл, Хан-Ордасы қалашықтары туралы сипаттама берілген.

Орталық Қазақстанда қоныс орындарын зерттеген С. Жолдасбаевтың зерттеулері академик Марғұланның жұмыстарын жалғастырушы болды. Егер Ә.Х. Марғұлан VIII-IX ғасыр қалалары туралы мәлімет беретін болса, С. Жолдасбаев еңбектерінде XV-XIX ғасырлардағы отырықшы қоныс орындары деп классификациялаған. Академик Ә.Х. Марғұлан үлкен емес қорғаныс қабырғалары бар қалашықтарды қорғаныс қамалдары деп, қалашықтағы қыш ыдыстар мерзімдерінің түпнұсқаларын М.И. Артамонов зерттеген шығыс қыпшақтар мен печенегтер қыш ыдыстарымен салыстырған.

С. Жолдасбаев қалашықтағы керамиканың (қыштың) мерзімдерін XIII-XV ғасырға теңейді. Типология жағынан қалашықтарды қоныс қыстақтарына жатқызады.

Орталық Қазақстандағы VIII-XIV ғасыр қалашықтарының ерекшеліктері олардың өлшемдерінің кішкентай болуынан бір қарағанда, олардың интерпретациясын қалашық ретінде қарау күмән тудыруы мүмкін.

Өзінің құрлымы жағынан Орталық Қазақстан қалашықтарын екі топқа бөлуге болады. Бірінші тобына құрлымы жағынан төртбұрышты болып келген және қорғаныс қабырғасымен қоршалған қалашықтар, ал екінші топқа бекіністері жоқ қоныс орындарының қалдықтары жатады. Бірінші топқа төрт түрлі қалашықтарды жатқызуға болады. Біріншісіне Шотқара, екіншісіне Аяққамыр, үшіншісіне Хан-Ордасы (Сурет 5), Басқамыр және төртіншісіне Алашахан қалашықтарын жатқызуға болады.


Бірінші топтағы қалашықтар Подонья тас қамалдарының аналогтарына ұқсас, оларды С.А. Плетнев, пішіні және өлшемі жағынан үлкен емес тастан құралған қорғаныс қабырғалары бар қалашықтар деп атап өткен [3]. Екінші топтағы қалашықтарға Сырдария бойындағы тұрғын үй-жайлар, усадьбалар және Жетісу төткүлдеріне ұқсас болып келеді [4]. Үшінші топқа Арасан, Жетісу, Тувадағы Л.Р. Қызласов зерттеген әскери қамалдарға ұқсас [5]. Төртінші топқа Іле аңғарларындағы және Тувадағы қалашық баспаналарға ұқсайды [6].

Орталық Қазақстан қалашықтарын екі негізгі кезеңге жатқызуға болады. Олар қорғаныс қабырғасымен қоршалған және соған тән қыш ыдыстары бар қалашықтар, оғыздарға жатқызылса, бекінісі жоқ қоныс орындары Алтын Орда кезеңіне жатады [7]. Көшпенділерде қалалар пайда болуы мемлекеттің құрылымдардың пайда болуына және мемлекеттің құрылуына әкелетіні сөзсіз.


Бекіністері жоқ қоныс орындарының жоғарғы жағынан табылған далалық және шарықта жасалған қыш ыдыстар сынықтарына, сонымен қатар тұрғын үйлері салынған кірпіштерге қарап кезеңін анықтауға болады. Бұл кірпіштердің өлшемі Ұлытау өңіріндегі Алтын Орда кезеңіндегі ескерткіштердің кірпіштеріне тән. Әлкей Марғұланның болжамына сүйенсек, осы өңірде дәулетіне сәулеті сай, жан-жақты дамыған тоғыз қала болған екен. Оның ішінде, Сарыкөңгір өзенінің бойындағы «Ордабазар» қалашығы, Арғанаты тауының шығыс жақ етегінде жатқан «Домбығұл сарайы» (Сурет 6), «Аяққамыр», «Шотқара» (Сурет 7), «Қарадөң», «Нөгербек дарасы», «Келінтам ордасының» ғана аттары белгілі. Олар да, өкінішке қарай, әлі толыққанды зерттелген жоқ. Сонымен қатар, көне сәулет өнерінің тамаша жәдігерлері –«Алашахан», «Жошыхан», «Домбауыл» ескерткіштері жұртшылық тәу ететін киелі орындар. Осы тектес ескерткіштерді түбегейлі зерттесе, ұлттың қатпарлы тарихынан тың әрі құнды деректер табылуы әбден мүмкін», –дейді.

Ұлытау өңіріндегі Алтын Орда қалашықтарын екі даму кезеңіне бөлуге болады. Бірінші кезеңіне билеуші хандарға және оның қарамағындағы аристократияға сарайлардың салынуы. Екінші кезеңіне тұрғылықты жерді қоныс орнына айналдырып, үй-жайлар, қолөнершілер, саудагерлердің пайда болуы. Алтын Орда қалашықтарының бекініс қабырғаларының және басқа да фортификацияның болмауы, сол кездегі орталық биліктің күштілігін білдіреді.


Мәдени мұраларды зерттеу, сақтау және оны қолданудағы бетбұрыс Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаевтың бүгінгі Қазақстанның алдында тұрған маңызды міндеттерімен қатар, мәдени мұрамызды дамыту мәселесі жайлы айтқан Үндеуімен тығыз байланысты. Осыған байланысты 2004-2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» атты мемлекеттік бағдарлама жасалды. Қазақстанның ежелгі және ортағасырлардағы тарихы жазылуда, біздің туған тарихымыз осылайша тірнектеп жинақталуда.




Сурет 1. Басқамыр көне қалашығының жоспары



Сурет 2. Айбас Дарасы көне қалашығының жоспары




Сурет 3. Нөгербек көне қалашығының жоспары



Сурет 4. Болған ана көне қалашығының жоспары



Сурет 5. Хан Ордасы көне қалашығының жоспары



Сурет 6. Домбығұл көне қалашығының жоспары



Сурет 7. Шотқара көне қалашығының жоспары

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Материалы по истории казахских ханств. Алматы : Наука 1969. С. 55.
2. Маргулан А.Х. Третий сезон археологических работ в Центральном Казахстане. Известия АН Казахской ССР. Сер. археологическая 1951. №3. С.25.
3. Плетнев А.С. От кочевий к городам. Москва. Наука. 1962. С.13-50.
4. Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта. М. Наука. 1967. С.213.
5. Кызласов Л.Р. Древняя Тува. М. 1979. С.145.
6. Кызласов Л.Р. Указ.соч. С.88.
7. Смаилов Ж.Е. Памятники археологии западной Сарыарки. Балхаш. 1997. С. 62.

БОЕВОЙ ПОЯС КАЗАХОВ: К ВОПРОСУ ИЗУЧЕНИЯ

Жанатаев Д. К.

Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева

Научный руководитель: Кошман Т. В.

dias.zhanatayev@mail.ru

г. Астана.

Вопросы о воинском снаряжении и его составных частях являются актуальными для научного исследования в связи с появлением новых исследований на базе археологических данных. В данной работе автор сосредоточил внимание на боевом поясе как одном из элементов воинского снаряжения кочевников степи. Предметом исследования стал боевой пояс как неотъемлемая часть воинского снаряжения.

Боевой пояс является важной атрибутикой у кочевых народов, в том числе у казахов начиная с раннего железного века. Его практическая, магическая и социальная роль в кочевом